***«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі»***
***коммуналдық мемлекеттік мекемесінің***
***2020-2021 оқу жылына арналған***
***бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің***

# жұмыстық оқу жоспары

**БЕКІТЕМІН**
*«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің директоры*
_________Р.Ж.Кобиланов
*«29» тамыз 2020 жыл*

**КЕЛІСЕМІН**
*Әйтеке би аудандық білім бөлімінің басшысы*
_________ К.Жарымбетов
«____»_____________2020 жыл

# «ТЕРЕҢСАЙ ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КММ-нің 2020-2021 оқу жылына арналған бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жұмыстық оқу жоспары

**«Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің**
**2020-2021 оқу жылына арналған**
**жұмыстық оқу жоспарына**

## ТҮСІНІК ХАТ

Мектепте 2020-2021 оқу жылында барлығы 115 оқушы, мектепалды даярлық класында 13 тәрбиеленуші және мектеп жанындағы «Нұр» шағын орталығында 19 тәрбиеленуші білім алып, тәрбиеленуде.

2020-2021 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары мектепалды даярлық класы мен шағын орталық үшін ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» негізінде және ««ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығымен бекітілген 1-ші қосымшасы бойынша, ал 1-11 кластардың оқу жоспарлары ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының 2,3-қосымшалары «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2018 жылдың 4-қыркүйектегі №441 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарының «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 6-қосымшасы, 5-9 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 16-қосымшасы, 10-11 кластардың оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары» 120-қосымшасы негізінде жасалды.

***Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту.***

Шағын орталықта 2-4 жастағы балалар тәрбиеленуде, сондықтан 2 жастан бастап кіші топ, 3 жастан бастап ортаңғы топ пен 4 жастан бастап ересек тобы балаларына арналған үлгілік оқу жоспарларының жүктемелері алынды.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс ортаңғы топқа 1 сағат вариативтік компоненттен «Дидактикалық ойындар» курсына және ересек топқа 1 сағат сахналық қойылымдар арқылы балалардың шығармашылығын дамыту, балаларды сөйлеу мәдениетіне машықтандыру, ертегілерді сахналау арқылы балалардың сөйлеу мәдениетін дамыту үшін «Ертегілер» курсына және балалардың еңбек етуге деген қызығушылықтарын және даярлықтарын жетілдіру, еңбексүйгіштікке баулу, жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру мақсатында 1 сағат «Шебер қолдар» курсына берілді.

**Мектепалды даярлық класында** ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыруда 5 жастан бастап қабылданған балалар үшін үлгілік оқу жоспарының мектепалды даярлық класына арналған жүктеме алынды. Апталық оқу жүктемесінің көлемі – 17 сағат және вариативтік компонентке 3 сағат, барлығы 20 сағат алынды.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың сауат ашу ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша алған білімдерін тиянақтау, яғни балалардың әдемі, сауатты жазуға дағдыландыру мақсатында 1 сағат «Әдемі жазып үйренейік!» курстың оқытылуына, «Таным» саласынан логикалық тапсырмаларды орындату, есептер шығару арқылы балалардың математикалық сауаттылығын арттыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту үшін 1 сағат «Қызықты логика әлемі» курсына, «Шығармашылық» саласынан бейнелеу өнері түрлерімен

таныстыру, өнер туындылары жайында түсініктерін кеңейту, іскерлік дағдыларды меңгертуге, сәнді және мазмұнды сурет салғызып, бейнені қағаз бетінде дұрыс орналастыруын үйрету мақсатында 1 сағат «Бояулар сыры» атты іс-әрекетіне берілді. Шағын орталық пен мектепалды даярлық класының вариативтік компоненттері «Бастауыш кластар» әдістемелік бірлестігінде қаралып, педагогикалық кеңесте бекітіліп, аудандық білім бөлімінің экспертік комиссиясымен тексерілді.

***Бастауыш білім беру.***

Бастауыш білім беру бойынша жұмыстық оқу жоспары 2 бөлімнен тұрады: инварианттық және вариативтік. 1-4 кластардың жұмыстық оқу жоспарының инварианттық компоненті 6 білім саларынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру». Білім салалары бірнеше пәндерді қамтиды, «Тіл және әдебиет» білім саласына - «Сауат ашу», «Орыс тілі (Т2)», «Ағылшын тілі» пәндері, «Математика» білім саласына – «Математика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәндері, «Жаратылыстану» білім саласына – «Жаратылыстану» пәні, «Адам және қоғам» білім саласына – «Дүниетану», «Өзін-өзі тану» пәндері, «Технология және өнер» білім саласына – «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру» пәні кіреді.

**Бастауыш білім берудің вариативтік компоненті бойынша:** бастауыш класс оқушыларының математикалық сауаттылығын, логикалық есептер шығаруға қызығушылықтарын арттыру мақсатында аптасына 1 сағаттан 1-класта «Логика», 2-класта «Математикалық әлем», 3-класта «Қызықты есептер», 4-класта «Математика және логика» курстарына және балаларды өсімдіктер әлемімен таныстыру, қоршаған орта туралы дүниетанымын дамыту, табиғатты қорғауға, өсімдіктер әлемін сақтауға тәрбиелеу, оқушыларды туған өлкеде өсетін гүлдермен таныстыру және олардың маңыздылығы туралы түсінік беру мақсатында 1-класта «Мені қоршаған орта», 2-класта «Табиғаття аялау» курстарына 1 сағаттан берілді. Оқушыларды шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету, көркем шығармаларды оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру үшін аптасына 1 сағаттан 4-класта «Шешендік өнер» курсына, сонымен қатар 3-класс оқушыларының каллиграфиясын қалыптастыру үшін «Қызықты грамматика» курсына 1 сағат берілді. 4-класс оқушыларын еңбекке баулу мақсатында 4-класта «Ұста боламын», 3-класта «Шебер қолдар» атты факультативтік курстарының оқытылуына 1 сағаттан берілді.

***Негізгі орта білім беру.***

Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарының инварианттық компоненті 6 білім саласынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер» және «Дене шынықтыру» білім салалары 20 оқу пәнін қамтиды.

**Негізгі орта білім берудің вариативті компоненті** бойынша элективті курстар **5-класта** оқушылардың Қазақстан қалаларының тарихы, Қазақстан жеріндегі ежелгі дәуірден бастап күні бүгінге дейін сақталған қалалар мен қалалық қоныстар, сол сияқты қазіргі кезеңде өмір сүріп отырған ел ішіндегі қалалардың тарихын оқытуға бағытталған 1 сағаттық «Көне қалалар» курсының оқытылуына және 1 сағат оқушылардың физикалық географияның бастапқы курсында қамтылған жалпы географиялық ұғымдар мен заңдылықтар туралы білімді оқушылардың жас ерекшеліктерін одан әрі дамыту үшін 1 сағат «Жер қабықтары» курсына берілді.

5,6,9 класс оқушыларының жылдам ойлауға, шешім қабылдауға, зейінділікті дамытуға, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мақсастында жеке және топтық жұмыстар есебінен аптасына 1 сағаттан «Жас шахматшы» атты курсына бөлінді.

Элективті курстар: **6-класс** оқушыларының білімдерін кеңейтіп, пәнге қызығушылығын арттыра отырып, танымдық, шығармашылық және логикалық ойлау қабілетін дамыту

мақсатында аптасына 1 сағат «Таңғажайып математика» курсына бөлінді. Оқушыларға тілдің грамматика саласының морфология бөлімі бойынша тілдің ғылыми негіздері жөнінде толық, аяқталған сипаттағы тұтас білім беру мақсатында «Сөз таптары» курсының оқытылуына 1 сағат бөлінді және оқушылардың дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, оларға адамзат жинаған әлеуметтік, рухани, адамгершілік тәжірибесін меңгерту мақсатында «Ежелгі Қазақстан тарихына саяхат» курсының оқытылуына 1 сағат берілді.

**7-класта** оқушыларды қызықты және алуан түрлі табиғат әлемінен, «экожүйе», «экологиялық зерттеу әдістері», «заңдар» экологиялық ұғымдарымен, қоршаған ортаны зерттеу әдістерімен таныстыру мақсатында «Экология – үй туралы ғылым» элективті курсына 1 сағат және оқушылардың қазақ халқының мақтынышына айналған ақын Мағжан Жұмабаев туралы білімдерін кеңейту, ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеуге, мәліметтерді өз бетімен іздеп, талдауға қатыстыру, Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы арқылы, оның өмірлік ерлігін жастарға өнеге етумен ұлтжандылық сезімдерін арттыру үшін топтық жұмыстар есебінен «Мағжантану» атты курсқа 1 сағат берілді.

**8-класта** элективті курстың 1 сағаты оқушыларға өз денсаулығын күте білуге, дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру үшін «Тамақтану және денсаулық» атты курсына берілді. Оқушылардың Қаныш Имантайұлы Сатбаевтың Қазақстан ғылымына сіңірген еңбегі туралы, ұлы ғалымның шалқар болмысын, рухани келбетін, үлкен адамгершілік қасиеттерімен таныстыру, жоғары отансүйгіштік сезімге, белсенді өмірлік көзқарас қалыптастыру мақсатында «Жас сатбаевшылар» курсына 1 сағат берілді. Жеке және топтық жұмыстар есебінен оқушыларға Қазақстанның көпэтносты қоғам ретінде қалыптасу тарихын белгілі заңдылықтар мен тарихи үдерістер негізінде таныстыру, қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды жолдары мен шарттарын түсіндіру үшін 1 сағат «Қазақстандағы қазіргі қоғамдық- саяси өмір» курсының оқытылуына бөлінді.

**9-класта** 1 сағат «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсына, 1 сағат «Абайтану» курсын жүргізуге берілсе, 1 сағаты экологиялық мәдениет, әдеп ұғымдарын, табиғат құндылығын, табиғат заңдарын, әлемдегі және мемлекетіміздегі экологиялық қозғалыстар туралы қоршаған ортаның құрамды бөліктерін, оларға түрлі ластанулардың әсерін таныстыру мақсатында «Экологиялық этика» курсына берілді.

## ***Жалпы орта білім беру.***

Оқушылардың және ата–аналардың 2019 жылғы сұранысы негізінде **11-кластың жұмыстық оқу жоспары** оқытудың жаратылыстану-математика бағыты, соның ішінде таңдау пәндері тереңдетілген деңгейден «Физика», «География», стандарттық деңгейден «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша құрылып, жалғастырылуда. 2020-2021 оқу жылындағы **10-класс** оқушыларының таңдауы бойынша тереңдетілген деңгейден «Биология», «География», стандарттық деңгейден «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері алынды. Инварианттық компонент 11 міндетті пәнді қамтиды.

**10-класта жеке және топтық сабақтар:** оқушыларға экологиялық проблемалар, экологиялық дағдарыс, экологиялық қауіп қатер мәселелері және оны шешудің жолдарын үйрету мақсатында «Экология негіздері» курсының оқытылуына 1 сағат, механика курсы жөнінде оқушылардың теориялық білімі мен нақты практикалық есептер мазмұны арасындағы табиғи бірлікті түсінуді қамтамасыз ету және оның негізінде классикалық механика заңдары арқылы есептер шығаруды дағдыландыру мақсатында «Механика есептері» курсына 1 сағат, оқушыларды құқықтық біліммен, құқықтық мәдениетпен қаруландыру, Заң сыйлағыш тұлғаны қалыптастыру, құқықтық жағынан белсенді және сауатты азаматты – өз Отанының патриотын және жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу мақсатында «Құқықтану негіздері» атты курсқа 1 сағат берілді. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен дадалық оқу жиынына (лагерьлік) 1 сағат, «Абайтану» курсына 1 сағат және 1 сағат оқушыларға қазақ ауыз әдебиетінің күрделі де көркем саласы - шешендік сөздер, шешендік өнер әдеби асыл мұраларды таныту мақсатында «Шешендік сөз» атты курсқа берілді.

**11-класта жеке және топтық сабақтар:** оқушылардың әлеуметтендіру, ойлай білу қабілетін қалыптастыру, жаратылыстану ғылымы туралы терең білім беру, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында аптасына 1сағат «Тұқымқуалаушылықтың негізгі заңдылықтары» курсының оқытылуына бөлінді. Оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыру үшін, математикалық білімдерін одан әрі тереңдету мақсатында 1 сағаттық «Математикалық сауаттылық және логика» курсы енгізілді. Оқушылардың химиядан теориялық білімдерін есептер шығару мен жаттығулар орындау арқылы пысықтау мақсатында 1 сағат «Әр түрлі типтегі химия есептері» курысна берілді. Құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары мен түрлерін практикалық тұрғыдан меңгерту, алған білім, білік дағдыларын күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, сөйлемдерге жан–жақты талдау жасауға машықтандыру мақсатында «Практикалық қазақ тілі» атты курсына 1 сағат, құқық және мемлекет туралы түсініктерін қалыптастыру, заң алдындағы жауапкершілікке үйрету, қосымша әдебиеттермен өздігінен жұмыс істеуіне ынталандыру үшін 1 сағат «Құқықтану» курсына және 1 сағат «Абайтану» курсына бөлінді.

# Шағын орталықтың жұмыстық оқу жоспары

| № | Білім беру салалары | Кіші топ | Ортаңғы топ | Ересек топ | | Жылдық сағат саны |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Апталық сағат саны | | | | |
| I | **«Денсаулық»** | **3** | **3** | **3** | | **324** |
| 1 | Дене шынықтыру | **3** | **3** | **3** | | **324** |
| II | **«Қатынас»** | **1** | **2** | **2,5** | | **198** |
| 1 | Сөйлеуді дамыту | **0,5** | **1** | **1** | | **90** |
| 2 | Көркем әдебиет | **0,5** | **0,5** | **1** | | **72** |
| 3 | Орыс тілі | **---** | **0,5** | **0,5** | | **36** |
| III | **«Таным»** | **2** | **2,5** | **2,5** | | **252** |
| 1 | Математика негіздері | **---** | **1** | **1** | | **72** |
| 2 | Сенсорика | **0,5** | **---** | **---** | | **18** |
| 3 | Құрастыру | **0,5** | **0,5** | **0,5** | | **54** |
| 4 | Жаратылыстану | **1** | **1** | **1** | | **108** |
| IY | **«Шығармашылық»** | **3** | **3** | **3,5** | | **342** |
| 1 | Сурет салу | **1** | **1** | **1** | | **108** |
| 2 | Мүсіндеу | **0,25** | **0,25** | **0,5** | | **36** |
| 3 | Жапсыру | **0,25** | **0,25** | **0,5** | | **36** |
| 4 | Музыка | **1,5** | **1,5** | **1,5** | | **162** |
| Y | **«Әлеумет»** | **---** | **0,5** | **0,5** | | **36** |
| 1 | Қоршаған ортамен танысу | **---** | **0,5** | **0,5** | | **36** |
| | **Апталық оқу жүктемесінің көлемі** | 9 | 11 | 12 | | **1152** |
| | **ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ** | **----** | **Дидактикалық ойындар** | **Ертегілер** | **2** | **72** |
| | | **-----** | **-----** | **Шебер қолдар** | **1** | **36** |
| | | **-----** | **-----** | | | |
| | БАРЛЫҒЫ | **9** | **12** | **14** | | **1260** |
| | **Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы** | **15-20 минут** | | **20-25 минут** | | |

# Мектепалды даярлық класының жұмыстық оқу жоспары

| № | Білім беру салалары / Ұйымдастырылған оқу қызметі | Жүктеме | |
|---|---|---|---|
| | | апталык | жылдык |
| **I** | **«Денсаулық»** | **3** | **96** |
| 1 | Дене шынықтыру | **2,5** | 80 |
| 2 | Қауіпсіз мінез-құлық негіздері | **0,5** | 16 |
| **II** | **«Коммуникация»** | **5** | **160** |
| 1 | Сөйлеуді дамыту | **1** | 32 |
| 2 | Көркем әдебиет | **1** | 32 |
| 3 | Сауат ашу негіздері | **2** | 64 |
| 4 | Орыс тілі | **1** | 32 |
| **III** | **«Таным»** | **2,5** | **80** |
| 1 | Математика негіздері | **1** | 32 |
| 2 | Құрастыру | **0,5** | 16 |
| 3 | Жаратылыстану | **1** | 32 |
| **IY** | **«Шығармашылық»** | **5** | **160** |
| 1 | Сурет салу | **1** | 32 |
| 2 | Мүсіндеу | **1** | 32 |
| 3 | Жапсыру | **1** | 32 |
| 4 | Музыка | **2** | 64 |
| **Y** | **«Әлеумет»** | **1,5** | **48** |
| 1 | Өзін-өзі тану | **1** | 32 |
| 2 | Қоршаған ортамен танысу | **0,5** | 16 |
| | **Апталық оқу жүктемесінің көлемі** | **17** | **544** |
| | **ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ** | 3 | 96 |
| **1** | **Әдемі жазып үйренейік** | **1** | 32 |
| **2** | **Қызықты логика әлемі** | **1** | 32 |
| **3** | **Бояулар сыры** | **1** | 32 |
| | **БАРЛЫҒЫ** | **20** | **640** |
| | **Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы** | **25 минут** | |

# 1-4 кластардың жұмыстық оқу жоспары

| № | Білім салалары және оқу пәндері | Кластар бойынша апталық сағат саны | | | | Жүктеме, сағат | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | Апталық | Жылдық |
| | **Инварианттық компонент** | | | | | | |
| I | **Тіл және әдебиет** | **10** | **11** | **11** | **11** | **43** | **1452** |
| 1. | Сауат ашу | 6 | - | - | - | 6 | 198 |
| 2 | Қазақ тілі | - | 4 | 4 | 4 | 12 | 408 |
| 3 | Әдебиеттік оқу | - | 3 | 3 | 3 | 9 | 306 |
| 4 | Орыс тілі (Т 2) | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 270 |
| 5 | Ағылшын тілі | 2 | 2 | 2 | 2 | 8 | 270 |
| II | **Математика және информатика** | **4** | **4** | **6** | **6** | **20** | **676** |
| 6 | Математика | 4 | 4 | 5 | 5 | 18 | 608 |
| 7 | Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | - | - | 1 | 1 | 2 | 68 |
| III | **Жаратылыстану** | **1** | **1** | **2** | **2** | **6** | **203** |
| 8 | Жаратылыстану | 1 | 1 | 2 | 2 | 6 | 203 |
| IV | **Адам және қоғам** | **2** | **2** | **2** | **2** | **8** | **270** |
| 9 | Дүниетану | **1** | **1** | 1 | 1 | 4 | 135 |
| 10 | Өзін-өзі тану | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 135 |
| V | **Технология және өнер** | **2** | **2** | **2** | **2** | **8** | **270** |
| 11 | Көркем еңбек | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 135 |
| 12 | Музыка | 1 | 1 | 1 | 1 | 4 | 135 |
| VI | **Дене шынықтыру** | **3** | **3** | **3** | **3** | **12** | **405** |
| 13 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 12 | 405 |
| **Инварианттық оқу жүктемесі** | | **22** | **23** | **26** | **26** | **97** | **3276** |
| **Вариативтік компонент** | | | | | | | |
| Таңдауы бойынша сабақтар | | **------** | **1** | **1** | **1** | **3** | **102** |
| | | ---- | Математикалық әлем | Қызықты есептер | Математика және логика | | |
| Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар | | **2** | **1** | **2** | **2** | **7** | **236** |
| | | Логика | Табиғатты аялау | Қызықты грамматика | Шешендік өнер | 4 | 135 |
| | | Мені қоршаған орта | --- | Шебер қолдар | Ұста боламын | 3 | 101 |
| **Вариативтік оқу жүктемесі** | | **2** | **2** | **3** | **3** | **10** | **338** |
| **Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі** | | **24** | **25** | **29** | **29** | **107** | **3614** |

# 5-9 кластардың жұмыстық оқу жоспары.

| 0,5 № | Білім салалары және оқу пәндері | Кластар бойынша апталық сағат саны | | | | | Жүктеме, сағ. | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | Апталық | Жылдық |
| | **ИНВАРИАНТТЫҚ КОМПОНЕНТ** | | | | | | | |
| **I** | **Тіл және әдебиет** | **11** | **11** | **11** | **11** | **11** | **55** | **1870** |
| 1. | Қазақ тілі | 3 | 3 | 3 | 2 | 2 | 13 | 442 |
| 2. | Қазақ әдебиеті | 2 | 2 | 2 | 3 | 3 | 12 | 408 |
| 3. | Орыс тілі мен әдебиеті | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 510 |
| 4 | Ағылшын тілі | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 510 |
| **II** | **Математика және информатика** | **6** | **6** | **6** | **6** | **6** | **30** | **1020** |
| 5 | Математика | 5 | 5 | - | - | - | 10 | 340 |
| 6 | Алгебра | - | - | 3 | 3 | 3 | 9 | 306 |
| 7 | Геометрия | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 204 |
| 8 | Информатика | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | 170 |
| **III** | **Жаратылыстану** | **2** | **2** | **7** | **8** | **8** | **27** | **918** |
| 9 | Жаратылыстану | **2** | **2** | - | - | - | 4 | 136 |
| 10 | Физика | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 204 |
| 11 | Химия | - | - | 1 | 2 | 2 | 5 | 170 |
| 12 | Биология | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 204 |
| 13 | География | - | - | 2 | 2 | 2 | 6 | 204 |
| **IV** | **Адам және қоғам** | **4** | **4** | **4** | **4** | **5** | **21** | **714** |
| 14 | Қазақстан тарихы | 2 | 2 | 2 | 2 | 2 | 10 | 340 |
| 15 | Дүние жүзі тарихы | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | 170 |
| 16 | Құқық негіздері | - | -- | - | - | 1 | 1 | 34 |
| 17 | Өзін-өзі тану | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 | 170 |
| **V** | **Технология және өнер** | **3** | **3** | **1** | **1** | **1** | **9** | **306** |
| | Музыка | 1 | 1 | - | - | - | 2 | 68 |
| 18 | Көркем еңбек | 2 | 2 | 1 | 1 | 1 | 7 | 238 |
| **VI** | **Дене шынықтыру** | **3** | **3** | **3** | **3** | 3 | 15 | 510 |
| 19 | Дене шынықтыру | 3 | 3 | 3 | 3 | 3 | 15 | 510 |
| **Инвариант.оқу жүктемесі** | | **29** | **29** | **32** | **33** | **34** | **157** | **5338** |
| | **ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ** | | | | | | | |
| Элективті курстар | | **2** | **3** | **1** | **2** | **3** | **11** | **374** |
| | | Жер қабықтары | Таңғажайып математика | Экология – үй туралы ғылым | Тамақтану және денсаулық | Экологиялық этика | | |
| | | Көне қалалар | Сөз таптары | ---- | Жас сатбаевшылар | Абайтану | | |
| | | ---- | Ежелгі Қазақстан тарихына саяхат | ---- | ---- | Зайырлылық және дінтану негіздері | | |
| Жеке және топтық жұмыстар | | **1** | **1** | **1** | **1** | **1** | **5** | **170** |
| | | Жас шахматшы | Жас шахматшы | Мағжантану | Қазақстандағы қазіргі қоғамдық – саяси өмір | Жас шахматшы | | |
| **Вариативті оқу жүктемесі** | | **3** | **4** | **2** | **3** | **4** | **16** | **544** |
| **Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі** | | **32** | **33** | **34** | **36** | **38** | **173** | **5882** |

## Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағыты бойынша 10-11 кластардың жұмыстық оқу жоспары

| № | Оқу пәндері | | Апталық сағат саны | | Жүктеме, сағ | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 10 | 11 | Апталық | Жылдық |
| **Инварианттық компонент. МІНДЕТТІ ПӘНДЕР.** | | | | | | |
| 1. | Алгебра және анализ бастамалары | | 4 | 4 | 8 | 272 |
| 2. | Геометрия | | 2 | 2 | 4 | 136 |
| 3. | Информатика | | 2 | 2 | 4 | 136 |
| 4 | Қазақ тілі | | 1 | 1 | 2 | 68 |
| 5 | Қазақ әдебиеті | | 2 | 2 | 4 | 136 |
| 6 | Орыс тілі мен әдебиеті | | 2 | 2 | 4 | 136 |
| 7 | Ағылшын тілі | | 3 | 3 | 6 | 204 |
| 8 | Қазақстан тарихы | | 2 | 2 | 4 | 136 |
| 9 | Өзін өзі тану | | 1 | 1 | 2 | 68 |
| 10 | Дене шынықтыру | | 3 | 3 | 6 | 204 |
| 11 | Алғашқы әскери және технологиялық дайындық | | 1 | 1 | 2 | 68 |
| | **ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ** | | **23** | 23 | **46** | 1564 |
| | **ТАҢДАУ ПӘНДЕРІ.** | | | | | |
| | **ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН ДЕҢГЕЙ** | | | | | |
| 12 | Физика | | ---- | 4 | 4 | 136 |
| 13 | География | | 4 | 4 | 8 | 272 |
| 14 | Биология | | 4 | ---- | 4 | 136 |
| | **ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ** | | **8** | 8 | **16** | 544 |
| | | | | | | |
| | **СТАНДАРТТЫҚ ДЕҢГЕЙ** | | | | | |
| 15 | Дүние жүзі тарихы | | **2** | 2 | **4** | 136 |
| | **ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІ** | | **2** | 2 | **4** | 136 |
| | | | | | | |
| **Инвариантты оқу жүктемесі** | | | **33** | **33** | **66** | **2244** |
| **Жеке және топтық сабақтар** | | | | | | |
| | **10класс** | **11класс** | | | | |
| **16** | *Экология негіздері* | *Тұқымқуалау-шылықтың негізгі заңдылықтары* | **1** | **1** | **2** | **68** |
| **17** | *Механика есептері* | *Әр түрлі типтегі химия есептері* | **1** | **1** | **2** | **68** |
| **18** | *Құқықтану негіздері* | *Құқықтану* | **1** | **1** | **2** | **68** |
| **19** | *Абайтану* | *Абайтану* | **1** | **1** | **2** | **68** |
| **20** | *Шешендік сөз* | *Математикалық сауаттылық* | **1** | **1** | **2** | **68** |
| **21** | *АӘТД (далалық жиын)* | *Практикалық қазақ тілі* | **1** | **1** | **2** | **68** |
| | | | **6** | **6** | **12** | **408** |
| **Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі** | | | **39** | **39** | **78** | **2652** |